

**"Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының қызметін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 23 сәуір N 460. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.25. N 1366 қаулысымен. ~P021366

"Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Эксимбанк) қызметін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Даму Банкі) мына ұсыныстарына келісім берілсін:

1) "Жеңіл өнеркәсіп", "Темір жол", "Құрылыс индустриясы" секторлық бағдарламалары (бұдан әрі - секторлық бағдарламалар) шеңберінде Германия Федеративтік Республикасын қалпына келтіру жөніндегі несие ведомствосы (бұдан әрі - KfW) берген заемдарға қызмет көрсету және осы қаулыға 1-қосымшада көрсетілген заемшылардан қаражат өндіріп алу жөніндегі Эксимбанк құқықтары мен міндеттерін Даму Банкіне беру туралы;

2) Даму Банкінің осы қаулыға 2-қосымшада көрсетілген заемшылар үшін Эксимбанк алдындағы міндеттемелердің өтелмеген сомасы бөлігінде секторлық бағдарламалар шеңберінде KfW алдындағы міндеттемелерін орындау кепілдігін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беруі туралы;

3) Эксимбанктің бұрын оған секторлық бағдарламалар шеңберінде KfW несие желісі бойынша заемшылар өтеген негізгі борыш сомасын және 2002 жылы алынған сыйақыны Даму Банкіне аударуы және Даму Банкінің Эксимбанктен алынған сомалар бөлігінде KfW алдындағы міндеттемелерін орындау жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кепілдік беруі туралы.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Даму Банкі (келісім бойынша) және Эксимбанк (келісім бойынша) осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Эксимбанкпен (келісім бойынша) және Даму Банкімен (келісім бойынша) бірлесіп Даму Банкіне Эксимбанктің KfW алдындағы құқықтары мен міндеттерін қайта ресімдеу жөнінде іс-шаралар жүргізісін.

4. Эксимбанк (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен таратылған: міндеттемелерді орындау республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылған мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдарды т а р т қ а н ;

бюджеттік несиелерді Қазақстан Республикасының инвестициялық бағдарламаларын іске асыру шеңберінде және Экономиканы қайта құру қоры есебінен алған заемшылар бойынша;

2) міндеттемелерін орындау берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне байланысты республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылған осы қаулыға 3-қосымшада көрсетілген заемшылар бойынша құжаттаманы берсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Эксимбанктен таратылған , сондай-ақ осы қаулының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес басқа да заемшылардың таратылуына қарай құжаттаманы қабылдауды жүзеге асырсын.

6. "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қазандағы N 1294 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың 2) тармақшасында:  
е к і н ш і а б з а ц т а :

"екі апта мерзімде" деген сөздер "2002 жылғы 31 мамырға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"сондай-ақ" деген сөзден кейін "тиісті келісімдер жасай отырып, 1-қосымшаға сәйкес заемшыларға қатысты" деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"тиісті келісімдер жасай отырып, 2-қосымшаға сәйкес Эксимбанктің мемлекеттік кепілдікпен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заемдарына қызмет көрсету және заемшылардан оқшауландырылған қаражатты өндіріп алу жөніндегі құқықтары мен міндеттерін қабылдап алу;"

3-тармақта "шарт жасасқан күннен бастап бір ай мерзімде" деген сөздер "2002 жылғы 31 мамырға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алынып тасталсын;

2) осы қаулыға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес көрсетілген қаулыға 1 және 2-қосымшалармен толықтырылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С. Павловқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 460 қаулысына  
1-қосымша

**Қызмет көрсету және қаражат өндіріп алу жөніндегі құқықтары мен міндеттері**

**Даму Банкіне берілетін заемшылардың тізбесі**

1. "Р.И.В." фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("РЕИЗ және К" фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).
2. "ЭкоТИМ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
3. "Базис-А корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
4. "Кереге БФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
5. "Сусындар" ашық акционерлік қоғамы.
6. "Дудар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
7. "Өскемен құс фабрикасы" жабық акционерлік қоғамы.
8. "АЙ-ДАН-МҰНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Ай-дан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).
9. "Жамбыл былғары аяқ киім" акционерлік қоғамы.
10. "Аққу" акционерлік қоғамы.
11. "Надежда" акционерлік қоғамы.
12. "Катализ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
13. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.
14. "Ырысты-Алматы электр вагон жөндеу зауыты" акционерлік қоғамы.
15. "Пеноконцентрат" бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

16. "Пластмассаөнеркәсібі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Аскам - Құрылыспластмасса" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 460 қаулысына  
2-қосымша

**Даму Банкінің кепілдігі берілетін заемшылардың тізбесі**

1. "АЙ-ДАН-МҰНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ("Ай-дан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

2. "Жамбыл былғары аяқ киім" акционерлік қоғамы.
  3. "Аққу" акционерлік қоғамы.
  4. "Надежда" акционерлік қоғамы.
  5. "Катализ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 23 сәуірдегі  
N 460 қаулысына  
3-қосымша

**Эксимбанк бұлар бойынша құжаттаманы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беруге жататын заемшылардың тізбесі**

1. "Қарметкомбинат" мемлекеттік акционерлік қоғамы.
  2. "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 23 сәуірдегі  
N 460 қаулысына  
4-қосымша

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 8 қазандағы  
N 1294 қаулысына  
1-қосымша

**Мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдар тартқан Эксимбанктің олардың берешегін өндіріп алу жөніндегі құқықтары мен міндеттері "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамына беруге жататын заемшылардың тізбесі**

1. "Игілік" акционерлік қоғамы.
2. "Байланыс-Құрылысшы" мемлекеттік акционерлік компаниясы.
3. "Тағам" акционерлік қоғамы (Франция, АҚШ, Германия несие желілері).
4. "Әлемконтракт" сыртқы сауда фирмасы.
5. "Агросауда" мемлекеттік сыртқы экономикалық акционерлік компаниясы.
6. "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы.
7. "Жылуприбор" акционерлік қоғамы.
8. "Фосфор" акционерлік қоғамы ("Құрылыспластдеталь" ашық акционерлік қоғамы).
9. "Елім-ай" халықаралық экологиялық қоры ("Елім-ай-фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 23 сәуірдегі  
N 460 қаулысына  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 8 қазандағы  
N 1294 қаулысына  
2-қосымша

**Мемлекеттік кепілдік берген мемлекеттік емес сыртқы заемдар тартқан  
Эксимбанктің оларға қызмет көрсету жөніндегі құқықтары мен міндеттері  
Даму Банкіне беруге жататын заемшылардың тізбесі**

1. "Айт Отель" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы .
2. "Окан Қазинтер" бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы.
3. "Отель Астана" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы (АҚШ, Түркия несие желілері).
4. "Медеу-Эмсаш-Алатау" бірлескен кәсіпорны.
5. "Рахат" Қазақстан-австрия бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамы .
6. "Қазақ Аджанта Фарма Лимитед" бірлескен кәсіпорны.
7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті .
8. "Қазақстан Минерал Ресурсиз Корпорейшн-Инвестмент" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бөлігінде "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы .
9. "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Франция несие желісі) .
10. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Германия несие желісі) .
11. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы.
12. "Батыс" ашық акционерлік қоғамы.
13. Республикалық балалар сауықтыру оналту орталығы.
14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас есептеу орталығы.